

ӘОЖ 168.522 (574)

М.М. Манасова*, Ә. Мұханбет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: sayabek-mira@mail.ru

Қазақстандағы урбанизация үрдісіндегі қала мен ауыл: салыстырмалы талдау

Мақала тақырыбының бүгінгі таңда өзектілігі жоғары. Берілген мақалада урбанизация процесі қарастырылып отыр. Соның ішінде, Қазақстандағы урбанизация процесін зерттеу ғылыми мақаланың басты міндетіне айналды. Жаһандық деңгейде қалалар дамуының рөлі және жаһандану үрдісінің дамуына қалалардың әсері анықталады. Авторлар қалаларды әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың басты элементі ретінде салыстырмалы түрде көрсетіп кетеді. Біріншіден, Қазақстандағы өркениет сұхбаттастығының дамуындағы қалалық мәдениеттің ықпал етуін талдап отыр. Екіншіден, қала тұрғындарының демографиялық өсуі және қала мен ауыл арасындағы өзара қатынастағы мәселелер қарастырылады. Үшінші, қалалар жаңа мәдени феномен ретінде танылып, мәдени жүйенің ұйымдастырылуы, қала мен ауыл арасындағы ерекшелік талданады.

Түйін сөздер: урбанизация, қала, ауыл, мәдениет, Қазіргі уақытта Орталық Азиядағы Қазақстан.

M.M.Manassova, Mukhanbet Assem

Comparative study of the city and periphery in the process of urbanization in Kazakhstan

This article assesses the process of urbanization using an example of Kazakhstan. Also it examines the role of cities at the global level, and the impact on globalization. The authors consider the city as a basic element for social and economic development in comparative perspective. First, they analyze the impact of urban culture in the development of the dialogue of civilizations in Kazakhstan. Second, they analyze the demographic growth of the urban population and the problem of relationships between cities and peripheries. Third, they analyze cities as a new cultural phenomenon and organization of the cultural system focusing on similarities and differences of urban and rural culture.

Key words: Kazakhstan, urbanization, city, periphery, culture

М.М. Манасова, А.А. Муханбет

Город и село в процессе урбанизации в Казахстане: сравнительный анализ

В данной статье рассматриваются процесс урбанизации, а также роль развития города на глобальном уровне и влияние городов на процесс глобализации. Авторы рассматривают город как базовый элемент для социально-экономического развития в сравнительной перспективе. Во-первых, они анализируют влияние городской культуры на развитие диалога цивилизации в Казахстане. Во-вторых, анализируются демографический рост городского населения и проблемы отношения между городами и деревнями, различия городской и сельской культуры. В-третьих, города рассматриваются как новый культурный феномен в организации культурной системы.

Ключевые слова: урбанизация, город, село, культура, Казахстан в Средней Азии на данный момент.

Қазіргі уақытта Орталық Азияда Қазақстан әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени жағынан озық мемлекет ретінде танылып отыр. Ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы, Қазақстандағы мәдени және саяси идентификация әлемдік урбанизацияға үндес белсенді дамуда.

Жаһандану принципі қалаларды әртүрлі мәдениеттердің өзара тоғысуы, гуманитарлық және технологиялық инновациялардың таралу ортасы ретінде қарастырады.

Қалалар гуманитарлық зерттеулерде мәдениеттің ерекше феномені ретінде белгілі. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, қала туралы әртүрлі ғылыми көзқарастар мен анықтамалар бар. Атап өтсек: философиялық утопия ретінде (Платон, Т. Кампанелла), идеалды тип ретінде (Вебер 1994), тарихи-мәдени индивидуалдылық ретінде (Бродель 1994), әлеуметтік организм ретінде (Зиммель 2002) және әлеуметтік орта (Коган 1996, Глазычев 2008), мифологиялық мәтін (Топоров 2002), семиотикалық жүйе (Лотман 1982) және әлеуметтік-мәдени миф (Барт 1996), құрылымдық-коммуникативтік «қоқыс тастайтын жер (свалка)» (Бодрийяр 2002) және т.б. Берілген анықтамаларға қарасақ, қаланың көпфункционалдығын көреміз. Сонымен қатар, қала архитектуралық формаларды, этникалық және демографиялық кескіндер, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді, әлеуметтік-мәдени ойын-сауық және күнделікті өмір сүру ерекшеліктерін бөлшектеп қарап, өңдеуден өткізіп отырады.

Мегаполистер қоғамдық қалыптасуда басты көңіл аудартады. Өркендеудің басты көріністері қалалардағы ресурстарды дамытады. Кейінгі он жылдықта урбандалу мүмкіндігін пайдалану арқылы, адам болашағы жасалады. Бұл қоғамның белсенді қызмет атқаруын талап ететін процесс. Себебі қалалар шешілмеген мәселесі көп күрделі организмдер. Әлемдік қалалардың бүгінгі жетістігі жылдар бойы жиналған шығармашылық жемісі: Афина, Рим, Венеция, Флоренция, Лондон, Париж, Берлин, Нью-Йорк, Сан-Франциско, Бостон. Бұл қалалардың дамуына жаңа идеяның әсері зор. Әр қаланың өзіне тән сипаты бар: Париждегі проспектілер, Нью-Йорктағы аспан тектес құрылыстар, Римдегі шіркеу сияқты [1].

Дүниежүзілік тарихта қала тұрғындарының саны күрт өсті. 2010 жылы әлем бойынша тұрғындардың жарты пайызы 3,5 млрд. адам қалада тұрады, 2030 жылға қарай қалада тұратын адам-

дардың саны 5 млрд. дейін жетеді деген болжам бар [1].

Айтып отырған қалалардағы урбанизация процесі шығармашыл топтың жұмыс істеуінің арқасында қарқынды жүреді. Қазіргі уақытта урбанистика элементтері Батыс Еуропаның демократия және капитализмді таратқандағындай құбылыс ретінде тарап кетті. 1950 жылдың соңында Америка халқының 15% шығармашыл класс ретінде сипатталады. Ғылым, инженерия және технология, өнер, эстетика, мәдениет, денсаулық, заң, қаржы салаларын басқарады [2,10-б.].

Урбанизация теориясын жан-жақты зерделеген Американдық зерттеуші Джон Рени «Урбан теориясы» атты еңбегінде метрополиске анықтама береді: «Метрополис, бірнеше бөлікке бөлінген мекен. Қала ояңған сәттен бастап болатын құбылыстар әртүрлі бағытта, бір-бірімен үйлесімдікте жұмыс жасайды. Балалар сабаққа барады, дүкендер ашылып, көліктер өз қызметін атқарады. Қаланы тірі организм ретінде тану да осы. Себебі қоғамда медиа, коммуникация құралдары күрделенген сайын қаладағы ресурстар да жаңара түседі. Қазіргі заманғы қалада субъект белсенді қозғалыста. Метрополис бір жағынан экономиканың дамуына үлес қосса, екінші жағынан қала өміріндегі әлеуметтік жағдайды реттейді» [3,15-б.].

Батыс зерттеулері бойынша Еуропа мен Америка арасында мәдени әртүрлілік бар. Урбанизация бойынша Америка және Еуропа қалаларын салыстырмалы түрде қарастыру көп кездеседі. Экономикалық және саяси жағынан маңызды орталыққа айналу, ғылым мен білімдегі инновация дамуы, осының бәрі азаматтық қоғам жемісі. Экономикалық жағынан, саяси белсенділік артуы, көркем өнер дамуы демократиялық саяси құрылым арқылы жүзеге асып отырады.

Урбанистика мәселесін американизммен байланыстыру жиі кездеседі. Кей деректерде урбанистика теориясының пайда болуы Батыс Еуропа қалаларының мәдени жағынан дамуымен де тығыз байланыстырады.

Қала мәдениетін зерттеушілер қаланы демографиялық жағынан тығыз орналасқан, экономикалық дамуға әсер етуші орын ретінде таныстырады.

Қазіргі заманғы қалалар әлеуметтік және саяси қатынастарды реттеуші қызметін де атқарады. Қаланың символикалық құрылымы ретінде оның мәдениеті мен өмір сүру образы жатады.

Әлем бойынша зерттеу негізіне айналып отырған «қала» түсінігінің мәнін ашып өтсек. «Қала – халқының белгілі саны мөлшерге жеткен, тұрғындары негізінен өнеркәсіп пен құрылыста, қызмет көрсету мен сауда орындарында, ғылыми, мәдени мекемелер мен басқару аппараттарында, т.б. салаларда қызмет ететін ірі елді мекен. Олар көбінесе өз атырабының әкімшілік және мәдени орталығы болып табылады» [4, 487-б.]. Көбінесе қалалық өмір салтын ауылдық (селолық) өмір салтына қарсы қою арқылы анықтайды. Неміс әлеуметтанушысы Ф. Теннис қаланы тек ірі елді мекен деп қана қоймайды, сонымен қатар қауым (гемайншафт) социуммен (гезельшафт) ауысатын қоғамды ұйымдастырудың жанашыл түрі ретінде анықтайды. Қала – бұл қауым емес, қоғам. Қалада ауылдық елді мекенге қарағандағы айырмашылығы адамдардың іс-әрекетін әлеуметтік бақылау әлдеқайда төмен [5, 96-б.].

Ауылдың қоныс жүйесі ретінде қаладан айырмашылығы, тұрғындарының орналасу тығыздығы төмен және саны аз. Еңбек және демалыс түрлері өзгеріске аз ұшырайды. Мұндағы еңбек табиғат ырқына, яғни жыл мезгілдерінің ауысып отыруына негізделген. Қаламен салыстырғанда ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылу дәрежесі төмен, бірақ кәсіп пен тұрмыстың мазмұндық бірлігі жоғары; еңбек ету жағдайлары ауыр, инфрақұрылымы нашар дамыған. Ауылдағы жанұялар әлеуметтік және ұлттық жағынан біртекті болып келеді. Әлеуметтік бақылау дәрежесі қаламен салыстырғанда жоғары, себебі адамдардың өзара қарым-қатынасы әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге қатаң негізделген.

«Қалалардың қанат жайып өсуі қоғамның жалпы дамуында маңызды орын алады. Өйткені, олардың пайда болып дамуы адамзат тарихымен бірге жасасып келеді. Алғашқы қалалар б.з.д. 4-3 мың жылдықтарда сауда, қолөнер орталықтары ретінде Шумердегі Ур Лагам, нипур, кейінірек Месопотамиядағы Аккад, Ашшур, Вавилон, Египеттегі Мемфис, Фивы. Үнді өзені алабындағы Мохенджо-Даро, Харатти болды» [4, 487-б.].

Қысқаша айтқанда, қала мен ауылдың арақатынасын былайша көрсетуге болады. Қала өзінің алғашқы тіршілік етуінің бастапқы кезеңінде ауылшаруашылықтық аймақпен бірігіп кеткен болатын, яғни қалалық адам рулық тұрмыстың ішкі тәртібіне бағынышты жер өңдеуші де, қол-

өнерші де болған. Бірақ біртіндеп тәртіптің жаңынталы түрін қажеттілігін басқаратын тұлғаның ерекше іскер қасиеттері көкейкесті мәселелерге айнала бастады. Ру басшысының кеңесінде шоғырланған билік, енді өзінің қайнар көзін адамның өзінен, оның ерік күшінен, белсенділігінен ұйымдасқан әрекетке деген қабілеттілігінен табады. Рулық ұйымдастырудың орнына кәсіби принциптер келеді. Патриархальдық рубасшыларын ығыстырып, жаңа биліктің басшылығына кәсіби топтардың көсемдері келді. Рулық жерге орналасу қоныстануды ұйымдастырудың кәсіби-қолөнерлік түріне алмастырылады.

Қолөнер мен жер өңдеушіліктің арасындағы өзара қайшылықтар кеңейе келе өркениеттік қақтығысқа дейін жетті: түптеп келгенде әлеуметтік дамудың әртүрлі бағытты және олардың онтологиялық (мәндік) негізді білдіреді. Бұл әлеуметтік дамудың негізгі бағыттарына ауыл мен қала жатады. Қала белсенді іс-әрекеттік бастаманы көрсетсе, ауыл табиғатқа бағынышты, консервативті, енжар (пассивті) бастаманы көрсетеді. Қала жердің «билігіне» бағынған ауылға қарама-қарсылығын бастап, жердің «билігінен» шығу идеясын көтерді.

Бұл процесте қаланың бастамасы анықтаушы рөл атқарады. Қала барлық көнелікке, консервативтікке және дәстүрлілікке қарсы тұрады; ол – прогрестің қозғаушысы, билік, административтік, экономикалық ұйымдар шоғырланған жаңа әлеуметтік құрылымның құрушысы. Сонымен бірге, қала – бұл бөгде өмір салты емес, әр кезеңнің мәдениетінің негізі. Ұзақ уақыттар бойы альтернативті субмәдениеттер болмай тұрып, қала ауылға қарама-қарсылықпен емес, бірлікте болып тіршілік етіп, дамыды [6, 12-б.]. Қала – табиғи ортадан және ландшафттан айырылған, жасанды құрылым. Қаланың өмірі, ауылдың дәстүрлі өмір салтымен салыстырғандағы айырмашылығы, табиғат ырғағымен байланысты емес. Бұл қаланың табиғаттан тысқарылығы және жасандылығы тарихы барысында және қалалық мәдениеттің дамуында көп деңгейде айқындылыққа ие бола түсті.

Ауыл қалаға қарағанда ғарыштың шырайыналу ырғағына толығымен енген архаикалық аграрлық қоғамның негізгі ошағы, дәстүрліліктің қайнар көзі болып табылады. Ауылдық адамның болмысы туылған күнінен бастап, өзіне тікелей ғарыш өмірін ашатын табиғи циклдың құйынына енеді. Жер өңдеушілік өркениетте

адамның тіршілік ету тәжірибесінен тамырланған, табиғатқа толығымен бағыныштылығын сезіну табиғат ырғағына толығымен бағыну қажеттілігіне еріксіз көндіреді. Адамдар бар әлеуметтік, мәдени әлеуетін, күш-қуатын табиғат құбылыстарына жауап беруге, тіршілік үшін күрес тәсілдерін іздеуге жұмсайды. Жылдан-жылға қайталанатын, маусымдық құбылыстардың циклдылығына адамдар әдеттегі оқиғалар қайталанған жағдайда пайдаланатын, әмбебап ережелерді, шараларды дайындап, оларды мәдени-әлеуметтік және ұжымның шаруашылықтық дәстүрінде нықтап, діни түсіндіруге ие болады.

Қала мен ауыл проблемасы, олардың өзара қарым-қатынасына ең бірінші назар аударғандар көбінесе әлеуметтанушы ғалымдар болған. Мысалы, М. Вебер, Г. Зиммель, Р. Парк, Э. Беджесс, Д. Вирт, А. Андерсон, С. Бруннер.

Тарихи деректерге қарағанда, адамзат өміріндегі алғашқы қалалар біздің заманымызға дейінгі 3-1 мыңжылдықтарда Египет, Месопотамия, Сирия, Үндістан, Қытай елдері мен Кіші Азияда пайда болыпты. Ал грек-рим дәуіріндегі Афина, Рим, Карфаген секілді қалалардың өркеніеттің үлкен жетістігіне баланғаны белгілі.

Антикалық дәуірдің адамзат мәдениетіне берген мұрасы көп. Полис гректің («polis» – қала) – антикалық әлемдегі қоғамның өзіндік әлеуметтік-экономикалық және саяси ұйымдас-тырылуының формасы. Полисті мағыналық тұрғыдан қала – мемлекет, яғни өзі бір қала бола тұра жеке мемлекет болу мүмкіншілігі бар ерекше феномен. Бастапқыда полис деп ауылшаруашылық бірлестігін айтатын болған, кейінірек қалаға жалғасып жатқан территорияларды бірге қоса қаланың өзін де айтатын болған. Полис – қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлініп, сауда – тауар қарым-қатынастарының қарқынды даму барысында пайда болған азаматтардың кішігірім бірлестігі. Экономикалық даму сипатына қарай полистер: аграрлы (мысалы, Спарта). Аграрлы – қолөнерлі (Афины) және сауда-қолөнерлі (Коринф) болып бөлінеді.

Ал қазіргі Қазақстан жеріндегі алғашқы қалалар оның оңтүстігі мен оңтүстік шығысында ерте замандарда-ақ бой көрсете бастаған. Бұған осы өңір табиғатының жайлылығы, яғни, күннің жылылығы мен судың молдығы жағымды әсер еткенін мамандар атап көрсетеді. Осының негізінде Сырдария, Арыс, Талас, Шу, Іле өзендерінің бойында егіншіліктің негізі қаланып,

адамдар отырықшылық өмірге үйрене бастады. Адамдардың топтасуы кәсіптің бөлінуін тудырды. Малшаруашылығы мен егіншіліктің дамуына сәйкес қолөнерге деген сұраныс артты. Осы жағдай қала тіршілігінің негізін қалады. Көне Қытайдан басталып, еліміздің оңтүстігі арқылы Жетісу жерін көктей өтетін Жібек жолының жандануы Қазақстандағы қала құрылыстарының дамуына үлкен серпін берді. Керуен жолының бойында бекеттер салынып, олар бірте-бірте сауда-саттық жүргізіп, тауарлар алмастыратын қалалар деңгейіне көтерілді. Отырар, Сығанақ, Сауран, Жент, Жанкент, Тараз, Созақ, Құмкент, Төрткөл, Ақтөбе, Құлан қалалары міне, осылайша салынып, өркендеді. Ал Х ғасырда өмір сүрген ғалым-географ әл-Мақдиси өзінің «Әл-бәд ва-тарих» («Дүниенің басталуы мен тарихы жөніндегі кітап») атты еңбегінде сол кездегі Қазақстан аумағында орналасқан 50-ге тарта қаланы атаған. Олар: Исфиджаб, Хирлұғ, Жумишлағу, Арсубаникет, Бараб, Шауғар, Сауран, Тұрар, Зерах, Шағылжан, Баладж, Барукет, Яганкет, Тараз, Балү, Құлан, Мерке, Лакра және басқа да көптеген қалалар [7]. Сол кездегі қалалар құрылысының өзіне тән ерекшеліктері болған. Мәселен, ортағасырлық дәуірдегі Қазақстанның оңтүстік бөлігінде, әсіресе, Орталық Азияға жақын тұстарда салынған қалалар негізінен үш бөліктен: қала билеушісінің сарайы бар негізгі бөлік – цитадельден; қаланың бай халқы мен қолөнершілер тұратын бөлік – шаһристаннан және қолөнер шеберханалары орналасқан бөлік – рабадтан тұрса, отырықшылыққа кейіннен көшкен Іле бойы мекендегендердің қалалары ондай бөліктерге бөлінбеген. Мұндағы қалалар төрт бұрышты дуалмен қоршалған. Мұның өзі сол кездегі жаугершілік заманның әсерінен болса керек. Яғни, қалалар бір жағынан алғанда әртүрлі еңбек бөлінісінен туған жаңа тіршілікті білдірсе, екінші жағынан қорғаныстық қызмет атқарған. Қала маңайындағы мал жайып, егін еккен шаруалар ел шетіне жау келген тұста қалаға кіріп бой тасалайтын болған. Сөйтіп, Х-ХІІ ғасырларда батыс пен шығыс арасындағы сауданың нығаюы ежелгі Қазақстан жерінде қала құрылысының дамуына себепші болып, өңірдің гүлденуіне алып келді. Халықтың бір бөлігі бірте-бірте отырықшылық өмірге де ден қоя бастады. Сол тұста қазіргі Қазақстан жерінде 200-дей қала мен елді мекен болғандығы «Қазақ совет энциклопедиясында» атап көрсетілген [9]. Ал

қазақ тарихындағы дәстүрлі ауыл бұл қазақтың өмір сүріп келе жатқан ру, тайпаға негізделген қоғамдық-әлеуметтік ұйымы саналған. Ауылдағы түгін саны он-он бестен аспаған [10, 208-б.]. Бірақ бұл ауыл өзінің болмысын кеңес үкіметінің саясатынан кейін жойды. Қазақ ауылы күштеп қоныстандырылды. Қазіргі біздің ауыл деп айтып отырғанымыз бұрынғы кеңес үкіметінен қалған ауылдар. Қазақ сахарасының жаны болған ауылдарда тұратын халықтың негізгі бөлігі қазақ ұлты. Ұлттық салт-дәстүрімізді, тілімізді, ділімізді сақтап қалудың іргетасы да осында жатыр. Мемлекетіміздің экономикалық, демографиялық, мәдени мәселелерін шешуде де ауыл өз әсерін тигізеді. Бүгінгі таңдағы зиялы қауымның бір бөлігі «ауыл ел болмайды, өркениетке ілесетін болсақ қалаға бәріміз бет алайық» деп жар салса екіншілері «ауыл қазақтың алтын бесігі, ауылды көркейтуге, дамытуға» шақырады. Бұл екі тұжырымның да жаны бар. Шындығында, кеңес үкіметінің отарлау саясатында қазақ халқын ауылда ұстап отырды, алдына малы мен егінін салып беріп, қазақтарды қаладан аулақ ұстауға тырысқан. Себебі, қазақтардың көзі ашық болуын, саясатқа араласуын қаламады. Сондықтан ауылды өзіндік резервация сипатында ұстап отырды.

Қалалар көпшілігінде алуан ұлтты болып келсе, ауылда бір ұлтты болып келеді. Егер, ауылды жерде дәстүрлі ұлттық мәдениеттің белгілері басым болса, ал қалада сан алуан халықтардың сан қырлы мәдениетінің нышандарын кездестіруге болады. Қалада жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер, театр, филармония, көрмелер және сол сияқты сан қилы мәдениетті құру және тарату құралдарының бай қоймасы шоғырланған болса, ал ауылды жерде бұл мүмкіншіліктер шектеулі [10].

Ауыл мен қала болмысының өзіндік ортақ жақтары да бар. Ауыл мен қала болмысының ерекшелігіне мына мәселелер кіреді:

- қоғамдағы және қоныстану жүйесіндегі орнын анықтау;
- қалалық және ауылдық өмір салтының ерекшелігі;
- географиялық қоршаған ортамен байланысы;
- әлеуметтік факторлар және тұрғындардың миграциясының салдары.

Батыста ауыл мен қала мәселесін зерттеу ертеректе-ақ орын алған. Батыста ХХ ғ. М. Вебер-

дің «Қала» деген еңбегі шықты. Онда автор қала тұлғаның өзіндік бейнесін өзгертіп, тарихи өзгерістердің құралы ретінде болатындығын айтады. Сонымен қатар батыс әлеуметтанушыларының ішінде Г. Зиммельдің де еңбегі бар. Ол қала өмірінің әлеуметтік-психологиялық аспектілерін ашады. «Адамзаттық экология» мектебінің өкілдері Р. Парк, Э. Берджесс, Д. Вирт қаланың өлшемін, архитектуралық жағын қарастырған.

Қала бұл адамның қоғамдық қатынастардың негізінде біріккен сапалы жаңа формасы. Қаланың ауылдан тағы бір ерекшелігі оның өнеркәсіптік өзгерісінде және өзіндік мазмұнында. Еңбектің өндірістік түрі ауылға қарағанда табиғатпен басқаша байланыста. Табиғат еңбектің тікелей құралы бола алмайды, керісінше нарықтық қатынас бар жерде қол еңбегі болуы мүмкін. Қаланың ауылдан бөліну процесі еңбекті рухани және материалдық деп бөлумен де байланысты. Қала ауылға қарағанда көбінесе автономды, сондықтан ол пайда болу орнын таңдауда үлкен мүмкіндікке ие, себебі табиғи факторлар оған өз әсерін аз тигізеді. Қала өзінің аумағын тез игереді, өйткені қалалық өнеркәсіп өзінің қызмет етуіне алғышарттарды өзі жасайды.

Бірақ та қала еңбектің жаңа түрлері арқылы ғана емес, сонымен қатар адамдардың қандық, туыстық бірігуінің негізінде емес, қоғамдық қатынастардың негізінде құрылған адамдардың бірлестігінің сапалы жаңа түрі. Яғни адамдардың арасындағы байланыстар табиғат арқылы емес, адамдардың өздерінің, қоғамдық қатынастар негізінде болады. Қала адамзаттың дамуындағы табиғаттың жетекші рөлін жоятын қоғамдық құрылым түрі немесе «элементі» ретінде болады. Ал ауылда табиғи бастама басымырақ болады.

«Урбанизация» сөзінің кең мағынасы – жалпы қоғамның дамуындағы қалалардың рөлін көтеру, қала мәдениетін-тұрмыс жағдайын барша елді мекендерге енгізу арқылы Ел ресурстарын тиімді пайдалану үрдісі, ал тар мағынасы – ол тек үлкен қалалардың одан әрі кеңейуі әсерінен, тұрғындардың үлес салмағының өсуі қаланың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен сәйкес келмей, жалған урбанизацияға ұрыну үрдісі.

Қай заманда, қай қоғамда да тарихи дауылдардың, төңкерістер мен сілкіністердің ауыртпалығын ауыл тартты. Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыздың – өзекті мәселелерінің бірі

ауыл мен қала мәселесі. Осы ауыл мен қалаға қатысты негізгі мәселе қоғамымыздағы урбанизация процесі.

Урбанизация латын тілінен аударғанда «қалалық» дегенді білдіреді. Бұл қалалардың және қалалық тұрғындардың көбею процесі. Урбанизация тұрғындардың белгілі бір кеңістікке шоғырлануына, ғылым мен мәдениет институттарының бір орынға шоғырлануына, жинақталуына алып келеді [11]. Бұл үрдіс қандай халықтың болмасын басынан ерте ме кеш пе өтетін құбылыс. Урбанизация – адамзатты таратып орналастырудағы қалалардың рөлі мен ара салмағына байланысты қалалық өмір салтын орнату сипатындағы тарихи процесс.

Урбанизация стихиялы түрде жүрсе, үлкен қалалар мен қала маңы «мегаполистердің» шамадан тыс қанат жаюына орай қоғамның әлеуметтік және экономикалық құрылымында да өзгерістер пайда болады, мұның ақыры жұмыссыздықтың көбеюі, қылмыстың артуы, адамдардың моральдық-этикалық төмендеуі, қоғамдық ортаның ластануына әкеп тірейді [12, 487-б.].

Урбандалу деңгейін көрсететін келесі құрылымдық элемент мәдени-рөлдік, психологиялық, инфрақұрылымдық, білім беретін, жас ерекшеліктерімен құрастырушыларды қамтиды және мигранттардың өмірінде болып жатқан өзгерістерге, қабылдау процесіне әсер етеді. Қала тұрғындарына көшкеннен кейін бұрынғы жағдайына жақын болса, тіршілік етулері жақсы болады; ал олардың ауылдық жерге үйренуі – керісінше қиын өтеді. Қолайсыз жағдайларға орай, қалаға көшіп барған ауыл тұрғындары да бейімделудің ұзақ және күрделі процесінен өтеді.

Урбанизация концепциясының негізгі екі жағы бар: әлеуметтік өзара әрекет процестерінің салдары және алғышарты ретінде оның екі біріккен механизмі көрінеді. Осының нәтижесінде қала мен ауыл, орталық пен шет аймақ, кіші қалалар мен үлкен қалалар арасында айырмашылықтар пайда болып, күшейе түседі. Сонымен бірге ауылға, қоныстанудың барлық түрлеріне қалалық қатынас ене бастайды.

«Урбанизация» термині XIX ғасырдың 70-жылдары пайда болып, жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін тар көлемді кәсіби және тек ғылыми мәнге ғана ие болған. Бүгінгі таңда бұл ұғым ең кең тараған және қоғамдық-саяси мәнге ие болып отыр. Қазіргі

урбанизация қаланың қоршаған ортаның ласдануымен қоса жүреді, бұл оның ішінде әсіресе дамушы елдерде қатты жүреді. Тұрғындардың денсаулығына қатер төндірді, шаруашылықтық артта қалушылықты жоюға кедергі болды. Дамушы елдердегі қалаларда олардың өмірінің барлық жағына жан-жақты қауіп төндіретін қиыншылықтар пайда бола бастайды.

Көптеген уақыттар бойы «урбанизация» термині ең бірінші қала мәнінің және қала тұрғындарының санының көбеюін білдірді. Урбанизация дегеніміз бұл – елдің тарихынан, белгілі бір дәуірдегі хал-ахуалынан сыр шерте алатын құбылыс. Ауыл адамдары үйсіз, күйсіз қалпында қалаларға қарай лап берген осынау өтпелі тұста бұл құбылыстың өзіне тән драматизмі мен кейбір қайшылықты сәттері де бой көрсетіп, осы жағдай қоғамымызды екі ұдай сезімге бөлегені де байқалады [12, 17-б.].

Батыс Еуропа елдерінде де халықтың қала шетіндегі жеке үйлерге қарай шығуы Лондон, Париж, Гамбург, Вена, Милан секілді қалалардағы орталық көшелерде тұратын адамдар санының азая түсуіне, ал шеткі және қала маңайындағы аймақтардың дамып, жетілуіне алып келген. Ғалымдар бұл үрдіске «субурбанизация» деген ат берді.

Қазақстанда қазір қалалық агломерацияның дамуы ең алдымен Алматы қаласының бет бейнесінен байқалады. Бұл қала өзіне Талғар, Николаев, Қалқаман секілді бірнеше елді мекендерді қосып алу арқылы барған сайын қанатын кең жайып келеді. Енді бір адым аттаса Қаскелеңге жетпек. Қапшағай қаласы да қол созым жерде тұр. Мамандардың айтысына қарағанда, Алматы төңірегі бір ядролы қалалық агломерация ретінде қалыптасып келеді.

Астананың қазіргі өсу, кеңею деңгейі де агломерациялану үрдісін байқатады. Ол маңайындағы Көктал, Мичурин, Кірпішті секілді елді мекендерді өзіне қосып алды.

Қарағанды-Теміртау қалаларының да бір-біріне жақын келуі тағы бір қызықты құбылыс. Бұл жерде екі орталықты қалалық агломерацияның пайда болу құбылысы байқалады. Осындай үдерістер еліміздің басқа өңірлері мен қалаларында да жүріп жатыр. Урбанизация процесі бұл мемлекеттік-халықтық мүдде тұрғысынан да, мәдени-әлеуметтік ой-пікір тұрғысынан да өзекті құбылыс. Қала мәселесі көптеген ға-

лымдар арқылы зерттелініп, қазірге дейін әртүрлі қырынан танылуда. Қала туралы айтқанда, үлкен әлеуметтік болмыс ретінде ауыл мәселесі жырақ қалмауы тиіс. Ауылшаруашылық экономикасы дамыған, елдерде қала мен ауылда айта қоярлық айырмашылық жоқ. Жұмыссыздықтың салдарынан ауыл қартайып, ауыл халқы жаппай қалаға көшуге айналды.

Сонымен, еліміздің тәуелсіздік алуы нәтижесінде Қазақстандағы урбандалу үрдістері жеделдей түсті. Мұны халықтың арман-тілегінен туған заңды құбылыс деп те атауға болады. Өйткені, кез келген тәуелсіз мемлекеттің халқы жақсы да қолайлы жерлерде тұрғысы келеді. Баста билік жоқ кезде тамаша, шұрайлы деген жерлерден сырылып қалған қазақ халқы кезінде ата-бабаларымыз арман еткен қайта қоныстану мәселесіне өз еркімен белсенді түрде кірісіп кетті. Әркім қайда баратындығын өзі таңдап, өзі шешуде. Урбандалудың қазіргі әсерінен елімізде үлкен-үлкен қалалық агломерациялар пайда бола бастады, ал кейбір ауылдар халықтан босап қалды. Сондай-ақ ауылдық елді мекендерді тексеру барысында соңғы жылдары 136 ауылдың халықтан босап қалғаны, яғни халқының көшіп кеткені анықталды. Бұдан көріп отырғанымыздай ауылдағы көші-қон процесі стихиялы сипатта жүріп жатыр. Енді осы іске мемлекет өзінің реттеушілік қызметімен араласып, оны жоспарлы түрде, өркениетті деңгейде жүргізбек. Ендігі кезекте бұл мәселеге мемлекет те араласып, реттеу тетіктерін іске қосқаны жөн болар еді. Өйткені, Қазақстан жері кең-байтақ, ал онымен салыстыра қарағанда халық саны аз. Мұның өзі халықтың қайта қоныстау үлгілерін жоспарлауды қажет етеді. Урбанизация – адамдардың өмір сүру ортасының тарихи қоныстану деңгейі. Оның негізгі белгілері:

- тұрғылықты халықтың және өнеркәсіптің шоғырлануы;
- ауыл мен қаланың әлеуметтік-территориялық айырмашылығы;
- табиғи емес сфераның жетілуі.

Бұл көрсетілген белгілер барлық формациялар үшін жалпы болып табылады. Бұлар қоғамдық өндірістің қоғамның территориялық ұйымына әсерін көрсетеді. Өндірістік күш пен өнеркәсіптік қатынастардың дамуы қоғамдағы урбанизация процесінің дамуы мен түрлеріне үлкен әсер етеді. Урбанизация процесі ұзақ

уақытқа дейін әлі жалғасады. Ұзақ уақыт бойы «урбанизация» термині ең бірінші қаланың мәнінің және қалалық тұрғындар санының өсуін көрсетті. Ал осы уақытқа дейін кейбір дамыған елдерде урбанизация қаланың кейбір бөлігінің немесе сол қаланың өсуі, құрылысын дамыту ретінде түсіндірілді. Урбанизацияның қазіргі түсіндірмесі табиғи және экологиялық жағдайлардан тыс түсіндірілмейді. Урбанизация салыстырмалы түрде шектелген аланды («ерекше кеңістік») әсіресе табиғаттың және шаруашылықтың, қоғамның, тұрғылықты халықтың тығыз өзара әрекетін жасайды.

XX ғасырдағы урбанизация процесі бұл процестің күрделілігін, толқын тәрізді сипатын, көпбейнелі түрін көрсетеді. Бірақ урбанизация өзінің негізгі мәні – қоғамның дамуында қалалардың рөлін жоғарылатудың тарихи процесі. Болашақта көп бейнелі бола отырып яғни әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, саяси, этномәдениеттік және географиялық бейнеде бұл процесс қоғамның территориялық қалыптасуын, оның өндірістік күшін, қоныстануын бейнелеп көрсетеді. Ал тар мағынада урбанизация бұл қалалардың өсуі, әсіресе үлкен қалалардың және мемлекеттегі қалалық тұрғындар санының өсуі. Урбанизация процесінің деңгейі урбанизациялану (урбанизованность) терминімен белгіленеді. Қалалық тұрғындар санының басымдылығымен, ірі қалалық қоныстанудың басымдылығымен көрінеді.

Урбанизация – интегралдық әрі өзекті процесс. Архитектор А. Буров қаланы «адам әрекетінің шегі» деп атаған.

Қала өзінің өнеркәсібінің дамуымен, жұмысқа орналасу мүмкіндігінің барымен, жақсы өмір сүру деңгейінің жоғарылығымен әрқашан да өзіне ауыл, кішігірім қала, село тұрғындарын өзіне тартады. Сонымен бірге қаладағы мәдени және коммуналдық қызмет ету жоғарылығымен; ауылшаруашылықтық жерлердегі жұмыс күшінің ауырлығынан бас тарту да әсер етеді. Осының барлығы да ауыл тұрғындарын қалаға ағылуына себеп болып қалыптасты.

Қазақстанда қала ежелден пайда болған. Қазақстан қалаларының кейінгі дамуы да әлемдік тенденцияларға сәйкес. Басынан бастап-ақ Қазақстан қалалары, бүкіл әлемдік қалалар секілді, әкімшілік, қаржылық, шаруашылық, идеологиялық, әскери-стратегиялық және мә-

дени аймақтарды басқару қызметтерін мойнына алды. Қалалар қоғамдағы жетістіктер деңгейінің көрсеткіші болды. Қазақстандық өркениеттің дамуы далалық кеңістіктегі және көшпенді тұрғындардың қалаға біртіндеп бейімделуімен байланысты.

Б. Нұржановтың айтуынша, көшпенді тілдерінде батыстық мәні бар «кеңістік» сөзі болмаған. «Кеңістік» – ол белгілі бір шекарасы бар жер, «белгілі бір территорияда өмір сүретін отырықшы адамның құрылуы» [13, 35-б.]. Отырықшы адам үшін мұндай жер қала болды. Кеңістіктің қазіргі заманғы мәні «ғарыш (космос)», «универсум» ретінде отырықшы адамның қоршаған әлемге белгілі бір территорияда билік жүргізуі. Көшпенді адам үшін шекара жоқ, еркін және барлық жерде өз үйіндей сезінеді. Шексіз дала – көшпенді бейнесі.

Керісінше, қазіргі заманғы Қазақстан – урбандалған ел, қазақстандықтардың 56% – қалалық тұрғындар. Қазіргі заманғы қазақтың ерекшелігі оның санасында дәстүрлілік пен урбандалған құндылықтардың синтезі. Қаладағы өмірдің тығыздылығына қарамастан қала қазағы ата-бабаларының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дәріптейді.

Урбаноология, адам мен қала арасындағы өзара байланыс пен қатынасқа мән береді. Адам – қаланы жасаушы, сонымен қатар қала жемісі.

Қазақстан бүгінгі күні экономиканың индустриалды даму деңгейінде. Бұл процестерде қалалар айрықша орын алып отыр. Қазақстанда 84 қала, соның ішінде бас қала әрі жаңа астана – Астана қаласы.

Астана дүниежүзі бойынша ең жас астаналардың бірі. Бұл қала 1830 жылы Ақмола казак форпосты ретінде негізі қаланған. 1997 жылы Тәуелсіз Қазақстан астанасы ретіндегі статуска ие болды.

Қазақ елінің мәдениетінде соңғы он жыл ішіндегі Астана қаласындағы мәдени-өркениеттік процестер отандық және дүниежүзі зерттеушілерінің назарынан тыс қалмады. Себебі, бас қаламыздың архитектурасындағы өнердің жаңа туындылары бей-жай қалдырмады.

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстан қоғамының дамуында урбанизация құбылысына үлкен мән беру керек. Ауыл мен қаланың өзара байланысын жан-жақты зерттеу керек. Әсіресе стихиялы түрде жүріп жатқан осы процеске мәдени-әлеуметтік, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау жасау алда тұрған маңызды шаралардың бірі.

Әдебиеттер

- 1 Lees, Linda , Culture Counts: A ``New Math`` for the Future of Innovative Cities. Vital Speeches of the Day, 2012, 78 Issue 12, p.420-425.
- 2 Richard Florida, Cities and Creative Class. New York; Oxon: Routledge, 2005, 198p.
- 3 Short, John R. Urban theory a critical assessment. Basingstoke [England]; New York : Palgrave Macmillan, 2006, 258 p.
- 4 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002, 5 т, 720-б.
- 5 Теннис Ф. Общность и общество. – СПб.: Владимир Даль, 2002. – 230 с.
- 6 Сыргакбаева А.С. Город как культурфилософская проблема: дисс. доктор филос. н.: 09.00.13. – Алматы, 2008. – 241 с.
- 7 Урбанизация: Қазақстандағы осы үрдіс халықтың қайта қоныстануына ұласуда // Егемен Қазақстан. - 2003, 23 шілде.
- 8 Ғарифолла Есім. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1998, 272-б.
- 9 Абдраманов Е.С. Оңтүстік Қазақстан ауыл тұрғындарының қазіргі кезеңдегі мәдени өмірі: тарих ғыл.к. дисс.: 07.00.02. Алматы, 2004, 140-б.
- 10 Қазақ совет энциклопедиясы: 12 т. – Алматы, 1977, 10 т, 337-б.
- 11 Алисов А.Д. Урбанизация и культура. – Омск: Край, 1997, 352 с.
- 12 Уровень религиозности и конфессиональные ориентации населения Республики Казахстан (информационно-аналитический доклад). – Алматы: ИРК. – 42 с.
- 13 Нуржанов Б.Г. Город и степь // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. – 1997. – № 3. – 29с.

References

1. Lees, Linda , Culture Counts: A ``New Math`` for the Future of Innovative Cities. Vital Speeches of the Day, 2012, 78 Issue 12. – P.420-425.
2. Richard Florida, Cities and Creative Class. *New York; Oxon: Routledge*, 2005. – 198 p.
3. Short, John R. Urban theory a critical assessment. Basingstoke [England]. – New York : Palgrave Macmillan, 2006. – 258 p.
4. Kazakhstan. Ul'tyik Encyclopedia / A. Nysanbaev. – Almaty: Kazakh encyclopedia, 2002. – 5 t. – 720 b.
5. Tennis F. Obshestvo i obshestvo. – SPb: Vladimir Dal', 2002. – 230 s.

6. Syrgakbaeva A.S. Gorod kak kul'turphilosofskaya problema: diss. Doctor philos.n.: 09.00.13. – Almaty, 2008. – 241 s.
7. Urbanizaciya: Kazakhstandagy osy yrdis khalyktyn kaita konystanuyna ыlasuda // Egemen Kazakhstan. – 2003. – 23 shilde.
8. Garifolla Esim. Sana bolmysy (Sayasat pen madeniet turaly oilar). – Almaty: Gylym, 1998. – 272 b.
9. Abdramanov E.S. Ontystik Kazakhstan auyl tyrgyndarynyn kazirgi kezendegi madeni omiri: tarih gyl.k.diss.: 07.00.02. – Almaty, 2004. – 140 b.
10. Kazakh soviet encyclopediyasy: 12 t. – Almaty, 1977. – 10 t. – 337 b.
11. Alisov A.D. Urbanizaciya i kul'tura. – Omsk: Krai, 1997. – 352 s.
12. Uroven` religioznosti i confessional`nye orientacii naseleniya respubliky Kazakhstan (informacionno-analyticheskii doklad). – Almaty: IRK. – 42 s.
13. Nurjanov B.G. Gorod I step` // Euraziiskoe soobshestvo: economica, politica, bezopasnost`. – 1997. – № 3. – 29 s.